

Бекітілді
№ 23 «Балдәурен» орта мектебінің бақпасының
менгерушісі: Урапбаева Р.Ж.



**2020 – 2021 оқу жылына арналған ортаңғы «Балдәурен» тобының
вариативтік бөлім жоспары**

«Сиқырлы қалам»

2020 – 2021 оқу жылы.

Түсінік хат

Қазіргі таңда мектепке дейінгі сәбилік жаста ерекше назар аударатын тәрбие түрі-сезім тәрбиесі. Сезім тәрбиесі алдымен қоршаған ортадағы болымысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Ең алдымен таным көзі-сезім арқылы қабылдауы, бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну процесі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды.

Баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен , оның сезінуімен байланысты. Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты болып табылады.

Сезімдік тәрбиемен басталып, математикамен жалғасатын бұл ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, математикалық қарапайым ұғымдарды қалыптастырудың алғашқы баспалдағы деп ойлаймын. II кішкентайлар тобында сезімдік және құрастыру жұмыстарын орындау барысында баланың математикалық қарапайым ұғымдар жөніндегі түсініктері қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік эталондарды игеруі балабақшада тәрбиелеу мен білім бағдарламасында көрсетілген геометриялық пішіндермен, түстер мен танысудан басталады. Мұндай танысу негізінен көпшілік қабылдаған үлгілерден басталады да, тиімді іс –әрекеттердің көптеген түрлерін меңгеру үрдісінде өтеді. Тәрбиеші ақыл-ой, сезім тәрбиесінің міндеттерін ойын формасында қойып, оны ойынмен байланыстырады. Балалардың қабылдауы мен ұғымын дамыту үшін білімді меңгеру, дағдыны қалыптастыру ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінде емес қызықты ойын әрекетінде (жасау және табу, жұмбақ айту, шешу, сурет салу, жарыста нәтижеге жету) іске асады.

Міндеттері: -Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету;-Баланың қабылдау, ес, ойлау сияқты психикалық процестерін дамыту;

Заттардың қасиеттерін анықтау мақсатымен оларды тексере білуге және бес түсті (ақ, қара, қызыл, сары, көк) ажырата атай білуге үйренеді;

Қандай түсініктерді игерді: Сезімдік тәрбиеде құрастыру жұмыстары арқылы үйренген сөздерін (киіз үй, ағаш тостаған, ағаш қасық, қоржын, сәукеле, тақия т.б) толық меңгеру;

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Баланың өз бетімен жұмыс істеуі;

Ай аттары	Апталар	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілі	Көрнекілігі	Ескрету
Қыркүйек айы	1-апта	«Қағаз, қарандаштармен таныстыру»	<p>1.Білімділігі: Балаларды қағаз, қарындаштармен таныстыру.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балаларға көлденең, тігінен сызықтар сызуды үйрету.</p> <p>3.Тәрбиелілігі: Жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптер. Түрлі түсті қарындаштар.	
	2-апта	«Алма бағы»	<p>1.Білімділігі: Алма ағашының суретін салуға үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Ағаштың құрылысына, ерекшелігіне сәйкес оның бөліктерін бір-біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Жапырақтар мен алмаларды әдемі бояуға жаттықтыру.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Түрлі түсті қарындаштар, жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	3-апта	«Қуыршаққа арналған сақина»	<p>1.Білімділігі: Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балаларды сақинаның дөңгелекке ұқсастығын тауып, соны сала білуге жаттықтыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Өртүрлі ойыншықтар, сақиналар, қарындаштар, жұмыс дәптері	
	4-апта	«Кілемше»	<p>1.Білімділігі: Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру.</p> <p>3.Тәрбиелілігі: Өсемдікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптер, қылқалам, субояқ.	

Қазан айы	1-апта	«Әдемі көйлек»	<p>1.Білімділігі: Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Саусақпен, қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	2-апта	«Үйдің суретін саламыз»	<p>1.Білімділігі: Сурет салуға қызығушылығын арттыру. Бояу түсін таңдай білуге үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағыларын қалыптастыру.</p> <p>3.Тәрбиелілігі: Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	3-апта	«Жол бойымен арба келеді»	<p>1.Білімділігі: Арба көліктің бірі екендігі туралы түсінік беру.</p> <p>2.Дамытушылығы: Қарындашпен үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салу жолдарын түсіндіру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптер. Түрлі түсті қарындаштар.	
	4-апта	«Алтын күз»	<p>1.Білімділігі: Күзгі жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру.</p> <p>3.Тәрбиелілігі: Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	

Қараша айы	1-апта	«Бұлт күнді жапты»	<p>1.Білімділігі: Балаларға бұлттардың суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балалардың түрлі-түсті қарындаштамен сурет салу дағдыларын дамыту.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Табиғатты сүйе білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Түрлі түсті қарындаштар, жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	2-апта	«Дәмді алмалар»	<p>1.Білімділігі: Алма суретін салуға үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Өз еркімен бояу түстерін таңдай білуге дағдыландыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	3-апта	«Кесені әшекейлейміз»	<p>1.Білімділігі: Балалардың қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>2.Дамытушылығы: Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ирексу» ою-өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	4-апта	«Сүлгіні әшекейлеу»	<p>1.Білімділігі: Балалардың қазақтың ою-өрнектерімен таныстыру.</p> <p>2.Дамытушылығы: Сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру.</p> <p>3.Тәрбиелілігі: Балаларға эстетикалық тәрбие беру.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, түрлі түсті қарындаштар, қылқалам, субояк.	

Желтоқсан айы	1-апта	«Жолақтағы ою элементтері»	<p>1.Білімділігі: Қазақ оюларының суретін салу тәсілдерімен таныстыру.</p> <p>2.Дамытушылығы: Үзік сызықтарды қосу арқылы қандай бейне шығатынын білдіру, балалардың көркемдік талғамын дамыту.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Әдемілікті сезіне білуге, әдептілікке тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	2-апта	«Ұзын жолдар»	<p>1.Білімділігі: Қағазға оңнан солға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Саусақ, қол қимыл-қозғалыстарының икемділіктерін дамыту.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Құыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, түрлі түсті қарындаштар.	
	3-апта	«Гүлдене бер – Қазақстан»	<p>1.Білімділігі: Бәйтеректің суретін салуды үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балалардың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Түрлі түсті қарындаштар, жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	4-апта	«Көк ту»	<p>1.Білімділігі: Қазақстан жалауын әшекейлеуге, лайықты бояу таңдай білуге үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балалардың қиялын көркемдік талғамын дамыту.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, түрлі түсті қарындаштар, қылқалам, субояк.	

Қаңтар айы	1-апта	«Қысқы көрініс»	<p>1.Білімділігі: Көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктерін бекіту, суретке байланысты жағымды көңіл-күй туындату.</p> <p>2.Дамытушылығы: Жеңіл сүйкей жағу тәсілімен оңнан солға қарай бояуға дағдыландыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Сурет салуда қылқаламмен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсіліне көңіл бөлу, жыл мезгілінің ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	2-апта	«Қоянға арналған әшекей»	<p>1.Білімділігі: Сопақ және дөңгелек заттардың суретін салуға, олардың көркемдік сипатын бейнелеуге үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балалардың қылқаламмен бояу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Түрлі түсті қарындаштар, жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	3-апта	«Құстар»	<p>1.Білімділігі: Құстардың үнін, қимыл-қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, түрлі түсті қарындаштар.	
	4-апта	«Ақша қар»	<p>1.Білімділігі: Қардың жауып тұрған бейнесін бере білу, бұлттардың суретін салу үшін суық түстерді таңдап алуды үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Қардың ерекшеліктері жайында түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>3.Тәрбиелілігі: Әсемдікке тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	

Ақпан айы	1-апта	«Шана»	<p>1.Білімділігі: Түзу сызықтар сызу арқылы шананың суретін салуды үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Шананың суретін салуда балалардың сызықтарды үйлестіре отырып бейнелеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Балаларды іскерлікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, түрлі түсті қарындаштар.	
	2-апта	«Машина»	<p>1.Білімділігі: Машина жайлы түсініктерін кеңейту.</p> <p>2.Дамытушылығы: Тік төртбұрыш, дөңгелек пішіндерден тұратын заттық сурет салу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Балаларды ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Түрлі түсті қарындаштар, жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	3-апта	«Аққала»	<p>1.Білімділігі: Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір-бірімен қосу арқылы салуды үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балалардың сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Балаларды іскерлікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	4-апта	«Қысқы табиғаттағы шыршалар»	<p>1.Білімділігі: Алыс және жақын орналасқан шыршалардың бейнесін салуды үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Қырау жапқан әртүрлі ағаштардың суретін салуға үйрету, аралас техникамен жұмыс істеуге баулу.</p> <p>3.Тәрбиелілігі: Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, субояк.	

Наурыз айы	1-апта	«Ұлттық баскиімді әшекейлейміз»	<p>1.Білімділігі: Ұлттық бас киімдерді ажырата білуге үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балалардың көру қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Түрлі түсті қарындаштар, жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь	
	2-апта	«Ұзын құлақ сұр қоян»	<p>1.Білімділігі: Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үйлестіре білуді үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Дөңгелек және сопақша пішіндерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, түрлі түсті қарындаштар.	
	3-апта	«Торсықты әшекейлейміз»	<p>1.Білімділігі: Заттардың пішіні, олардың құрылымына көңіл бөлуді үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	4-апта	«Жаңбырлы күн»	<p>1.Білімділігі: Балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып, жаңбыр тамшыларын салуға үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>3.Тәрбиелілігі: Ептілік пен жинақылыққа тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	

Сәуір айы	1-апта	«Әдемі гүлдер»	<p>1.Білімділігі: Гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге үйрету. Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру.</p> <p>2.Дамытушылығы: Гүлдердің түр-түстерін есте сақтау, қабылдау, ойлау сезімдерін дамыту.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Түрлі түсті қарындаштар, жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь	
	2-апта	«Астық жинау»	<p>1.Білімділігі: Балаларға сопақша, дөңгелек пішіндерді пайдалана отырып, бидай масақтарын салуды үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Сурет салуға ынталы болуға тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	3-апта	«Көбелектер»	<p>1.Білімділігі: Жылы және салқын түстерді ажырата білуді үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Балаларды әсемдікке баулу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, субояқ.	
	4-апта	«Тәрелкені әшекейлейміз»	<p>1.Білімділігі: Балаларды белгілі бір тұтынатын бұйымдардың пішініне сәйкес ою –өрнектермен тәрелкені әшекейлей білуге үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалануға, нүкте арқылы ою жасауға дағдыландыру.</p> <p>3.Тәрбиелілігі: Әсемдікті қабылдай білуге тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	

Мамыр айы	1-апта	«Саңырауқұлақтар»	<p>1.Білімділігі: Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>2.Дамытушылығы: Балалардың эстетикалық талғамын дамыту.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	
	2-апта	«Мерекелік отшашу»	<p>1.Білімділігі: Үзік сызықтарды қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Әсемдікке тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Түрлі түсті қарындаштар, жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь	
	3-апта	«Күннің мол шуағы»	<p>1.Білімділігі: Балаларды жылы түстер реңктерімен таныстыру.</p> <p>2.Дамытушылығы: Шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Тәрбиелілігі: Сүйіспеншілікке нәзіктікке тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, субояқ.	
	4-апта	«Аквариумдағы балықтар»	<p>1.Білімділігі: Аквариумдағы балықтардың ерекшеліктерін білуге, сурет салғанда бір бояудың үстіне екінші бояуды жағуға үйрету.</p> <p>2.Дамытушылығы: Қиялын дамыту, бейнелерді қағаз бетіне түсірудің түрлі техникасын пайдалануға машықтандыру.</p> <p>3.Тәрбиелілігі: Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	Түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауап, сурет салу.	Жұмыс дәптері, қылқалам, гуашь.	

